

«БЕКІТЕМІН»
«Түркістан» көпсалалы жоғары
медицина колледжінің директоры:
Рысбеков Қ. О _____
« _____ » _____

«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінің

СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР

I. Жалпы ереже

1.1 «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі (ары қарай Колледж) студенттік жатахана туралы бұл ережелер Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары жайлы» Заңның 113 бабы «Студенттік жатахана ережелер» атты 16-шы пунктіне, сонымен қатар ҚР «білім туралы» заңы, Колледж жарғысымен құқықтық-нормативті құжаттарға сай жасалған.

1.2 Студенттік жатахана (ары қарай –жатахана) колледж жанындағы құрылымдық бөлім болып табылады.

1.3 Бұл ережелер Колледж студенттер, талапкерлер, сонымен қатар жатақханадан орын алатын, жатақханадан шығарылатын өзгеде тұлғалардың ара-қатынасын реттейді. Сондай-ақ көрсетілген тұлғалардың жатақханада тұрған кезеңіндегі қарым-қатынасын реттейді.

1.4 Колледж жатақханасы мына мекенжайда орналасқан Түркістан Қ, Абылайхан көшесі, 108 Жатаханадағы орын саны-120.

1.5 Жатаханадағы орын беру мәселесімен және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары комендант айналысады.

1.6 Жатахананың материалдық базасын, ғимараттын шаруашылық қызметі мен қолданысқа берілуін, жатақханада тұрушылардың тұрмыстық қызметтерін ұйымдастыруды дамыту және нығайту мәселелерімен директордың шаруашылық істер жөніндегі орынбасары айналысады.

1.7 Жатақхананы тікелей басқару ісімен директор тағайындаған комендант айналысады,

1.8 Жатақханада студенттердің тұруы, өз бетімен сабақтарына дайындалуы мен демалуына қажетті жағдайлар жасалған.

1.9 Жатақханада белгіленген тәртіппен ережелерге сәйкес өз бетімен сабаққа дайындалатын бөлмелер, оқу залы, тұрмыстық қызметтерді өтеуге және ас әзірлеуге арналған бөлмелер қарастырылған

1.10 Жатақханада тұратын студенттердің арасынынан өз мүдделерін қорғайтын жатақхана студенттерінің кеңесі құрылған, Кеңес қолдағы Ережелерге сәйкес қызмет етеді,

2, Колледж бен жатақхана әкімшілігінің міндеттері

2.1 Колледж әкімшілігі міндетті,

қауіпсіздік техникасы жөнінде нұсқаулар беруге
жатақхананы санитарлық ережелерге сай жиһаздар және құралдар мен жарактандыру.

сонымен қатар жалпы студенттік жатақханаға қажет заттар туралы ережелерге сай мүліктермен қамтамасыз етуге

жатақханада тұрушыларға қажетті коммуналдық –тұрмыстық қызметтер және өз бетімен сабаққа дайындалғат арналған бөлмелермен қамтамасыз етуге

енбекті қорғау ережелері мен санитарлық талаптарға сәйкес барлық бөлмелерді қажетті жылу және жарықпен қамтамасыз етуге

тұрғындардың жатақханада өз бетімен тазалық жұмыстар жүргізуіне қажетті құрал саймандармен қамтамасыз етуге

2.2. Жатақхана әкімшілігі міндетті

жатақхана бөлмелерін белгіленген санитарлық талаптар мен ережелерге сай ұстауға жатахананы қажетті жиһаздар және басқа да мүліктермен жабдықтауға атсалысуға жатаханада баспаналық-тұрмыстық жағдайларды жақсартуға байланысты іс-шараларды жүзеге асыруға сонымен қатар жатақхананы ұстау жөніндегі ескертулерге құлақ асуға, тұрғындардың баспаналық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту туралы ұсыныстарын ескеруге

Ауруға жедел медициналық көмек көрсету, қажет болса ауруханаға жатқызу шараларын қабылдауға

3. Жатақхана тұрғындарының құқықтары міндеттері.

3.1. Жатақханада тұрушылардың құқығы бар.

а) оқуға және мәдени-тұрмыстық қажетке арналған бөлмелерді пайдалануға

б) колледж әкімшілігінің келісімімен жатақхананың басқа бөлмесіне қоныстануға

в) жатақхана кеңесіне сайлап өзінің де сайлануына

г) тұрғындардың тұрмыстық-баспаналық жағдайларын көтеру, тәрбие істері мен демаласты ұйымдастыру, жатын бөлмелер мен сабаққа дайындалатын бөлмелерді жабдықтау және безендіру мәселелерін жатақхананың кеңесімен бірлесіп шешуге

д) Колледж әкімшілігінің заңдық құжаттарымен таныс болуға

з) Колледж әкімшілігіне жатақхананың қызметкерлерінің үстінен шағым беруге

3.2. Жатақханада тұрушылар міндетті

а) қолдағы Ережелерді, Колледж бен студенттік жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін орындауға

ә) тұратын бөлмені тікелей мақсатта қолдануға

б) тұратын бөлмеге, жатақхананың санитарлық-техникалық және басқа да дүние-мүлкіне ұқыпты қарауға

в) қауіпсіздік техникасын, санитарлық-гигиеналық тәртіпті, жатын бөлмелерді пайдалану өрт қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық және өзге де құрал-жабдықтарды пайдалану ережелерін орындауға

г) бөлмелерді пайдалану орындарында тазалық сақтауға

ғ) тұрғын бөлмелерде күн сайын тазалық шараларын жасауға

д) тұрғын бөлмелердегі бір заттың бұзылғандығын байқаған кезде бірден оны жөндеу шараларына кірісу, комендантқа хабарлауға

е) ҚР заңнамалары мен Колледж жатақханасында бөлме/төсек-орынға, Колледжге келтірген материалдық шығынды өтеуге

ж) баспалдақтар мен қоғамдық жалпы орындарда тазалық пен тәртіп сақтауға

з) су, электр жарығымен жылуды үнемдеп қолдануға

м) жатақхана әлімшілігі (комендант) талаптарын орындауға

н) Жатақханадан біржолата шыққанда өзінің атына жазылған барлық құрал-жабдықтарды тапсыруға.

Жатақханадан шығару реттері

4.1. Білім алушы колледждегі оқудан шығып қалған, жатақханадан да шығарылады.

4.2 Жатақханадан шығарылу студенттің өз еркімен, әкімшіліктің бастамасымен директорды хабардар ету барысында немесе оқу аяқталғанда жүзеге асырылады.

4.3 Жатақханадан шығарылу студенттің Колледж директорының атына жазған жеке арызының негізінде жүзеге асырылады.

4.4 Колледж әкімшілігінің бастамасымен

4.4.1 Оқу орнынан шығып қалғанда.

4.4.2 Колледждің студенттік жатақханасының ішкі тәртіп Ережелерін, қолдан бұзғаны үшін

4.4.4 ҚР заңнамасындағы белгіленген басқа да себептер бойынша.

4.4.6 Жатақханадан шығару шығарылатын адам мен себептері көрсетілген (талапкерлерден басқа) Колледж директорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

4.4.7 Колледжден шығарылғанда(оны бітірген кезде) жатақханада тұрушы бөлмені жалға алу келісім-шартына сәйкес үш күнде босатып шығу керек.

4.4.8 Жатақханадан шығарылғанда студенттерге Колледж әкімшілігі кету қағазын тапсырады. Коменданттың қолын қойдырған қағазды білім алушы оқу бөліміне өткізу тиіс.

Студенттік жатақхананы басқаратын қоғамдық органдар

5.1 Жатақхана кеңесі ҚР заңнамасы, қолдағы ережелер және өзге де заң құжаттарымен жетелшілік етеді.

5.2 Жатақхана кеңесінің өкілдері Колледж студенттерінің өкілеттік органдарының құрамына кіреді.

5.3 Жатақхана кеңесі жатақхананың жалпы жиналысында сайланған адамдардан тұрады.

5.4 Жатақхана Кеңесі

бөлмелердегі старосталардың қызметтерін реттейді.

Жатақханадағы өз-өзіне қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастырады.

Тұрғындарды жатақханадағы қоғамдық пайдалы жұмыстарды (бөлмелерді тазалау және жөндеу жұмыстарын жасау) өз еріктерімен атқаруға тартады

жатақхана әкімшілігіне тұрғындарға берілген материалдық құндылықтардың сақталуын бақылауға көмектеседі.

тұрғындардың мүддесін қорғайды

мәдени іс шараларды ұйымдастырады.

5.5 Жатақхана кеңесімен төмендегіндей мәселелер міндетті түрде келісу керек

тұрғындарды әкімшілік бастамасымен бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстырғанда

тұрғындарға қолданатын алғыс білдіру және жауапқа тарту шаралары

жатақханадағы сабақтан тыс шаралар жоспары

Сонымен қатар, колледж заң құжатында тікелей

көрсетілген мәселелер. Колледж әкімшілігі жатақхана кеңесінің мүшелері жемісті еңбегі үшін материалдық және маралдық жақтан қолдау үшін шаралар қолданады.

5.6. Жатақхананың әр тұрғын жайында старосты сайланады. Старостылар қызметтерін атқарғанда Колледждің заңды құжаттарын, студенттік жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін, қолдағы ережелерді, сонымен қатар жатақхана кеңесімен Колледж әкімшілігінің шешімдерімен жетекшілік етеді.

5.7. Тұратын бөлменің старостысы

тұрғындардың бөлмедегі мүліктерге ұқыпты қарауын қадағалайды

бөлменің таза да жиналып тұрғанын қадағалайды.

Алғыс білдіру және тұрғындардың жауапкершілігі

6.1. Жатақхананың тұрмыс- тіршілігінде белсенділік танытып, әлеуметтік маңызды бастамаларды өткізуге атсалысқан тұрғындарға

Алғыс жарияланады

Мақтау қағазымен марапатталады және т.б.

6.2. Жатақхана мүлкіне нұқсан келтірген тұрғындар ҚР заңнамасына сәйкес мүліктік жауапкершілікке тартылу мүмкін.

6.3. Осы ережені, жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін мынандай жаза түрлері қолданылады.

ескерту

қатаң сөгіс

сөгіс

жатахананы шығару

6.8. Тұрғындар жатаханада төмендегідей шығарылуы мүмкін

а) қолдағы ережелерде, студенттік жатахананың ішкі тәртіп ережелері орындалмаған үшін

ә) тұратын бөлмені тікелей мақсатта қолданбаса

б) тұрғын жайлы немесе басқа азаматтар қиратса немесе зиян келтірсе

в) құқығы мен мүдделеріне үнемі зиян келтіру олардың бір бөлмеде тұруын мүмкін емес қылады.

г) Жатақханада мас күйінде немесе есірткі заттардың әсерінде келуі

ғ) тұрғындардың жатақханада бір ай немесе оданда көп мерзімде орынсыз себептермен тұрмауы

д) есірткі заттарды сақтау, тарату

з) тұрғындардың жарылғыш, химиялық қауіпті заттар немесе оқтары қаруларын сақтауы,

и) Колледжден шығарып тастау

к) ҚР заңнамасында көрсетілген өзге де жағдайларда,

6.9. Жауапқа тарту Колледж директорының бұйрығынан кейін жүзеге асырылады.